

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 459 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 157 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 03.04.2018 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз!

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 476-7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелері 24 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленетін маусымдық шетелдік жұмыскерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелері алымдарды төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне байланысты осы қаулыға қосымшаға сәйкес мөлшерлерде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, бірақ 2017 жылғы 1 қаңтардан ерте емес.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 18 тамыздағы
№ 459 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерінің көлемдері

Р/ с №	Экономикалық қызмет түрінің атауы	Айлық есептік көрсеткішпен мөлшерлемелер			
		шетелдік жұмыскерлердің бірінші санаты	шетелдік жұмыскерлердің екінші санаты	шетелдік жұмыскерлердің үшінші санаты	шетелдік жұмыскерлердің төртінші санаты
1	2	3	4	5	6
1	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	137	158	179	200
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	154	178	202	225
3	Өңдеуші өнеркәсіп	154	178	202	225
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	137	158	179	200
5	Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	137	158	179	200
6	Құрылыс	171	198	224	250
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	154	178	202	225
8	Көлік және қоймаға жинау	137	158	179	200
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	137	158	179	200
10	Ақпарат және байланыс	137	158	179	200
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	137	158	179	200
12	Жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар	137	158	179	200
13	Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет	137	158	179	200
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	137	158	179	200
15	Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	137	158	179	200
16	Білім беру	137	158	179	200
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	137	158	179	200
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	137	158	179	200
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	154	178	202	225
20	Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар өндіретін және қызметтер көрсететін үй шаруашылықтарының қызметі	137	158	179	200
21	Бұрынғы аумақтық ұйымдардың және органдардың қызметі	137	158	179	200

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК